1.1. «Жәйрем кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «**Қоғам**») заңды тұлға – акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған, осы Жарғының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының (бұдан әрі «**Заңнама**») негізінде әрекет ететін коммерциялық ұйым болып табылады.

1.2. Қоғамның құқықтық мәртебесі, акционерлерінің құқықтары мен міндеттері Жарғымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 13.05.2003 ж. заңымен (бұдан әрі «**Заң**») және Заңнаманың өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп тұратын басқа да ережелерімен белгіленеді.

1.3. Қоғам шектелмеген мерзімге құрылған.

2- бап. Қоғамның фирмалық атауы және орналасқан жері

2.1. Қоғамның толық фирмалық атауы:
- қазақ тілінде - "Жәйрем кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде – Акционерное общество "Жайремский горно-обогатительный комбинат";
- ағылшын тілінде - "Joint-Stock Company «Zhairemsky Gorno-Obogatitelny Kombinat»".

2.2. Қоғамның қысқартылған фирмалық атауы:
- қазақ тілінде:

"Жәйрем КБК" АҚ,
- "Жәйрем кен-байыту комбинаты" АҚ
- «ЖКБК» АҚ;
- «Жәйрем КБК» акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде:
- АО «Жайремский ГОК»;
- АО «Жайремский горно-обогатительный комбинат»;
- АО «ЖГОК»;
- Акционерное общество «Жайремский ГОК».
- ағылшын тілінде:
- JSC «Zhairemskiy GOK»;
- JSC «ZGOK»;
- JSC « Zhairemskiy Gorno-Obogatitelniy Kombinat »;
- Joint - Stock Company «Zhairemskiy GOK»;

2.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 100702, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті. Мұратбаев көшесі, 20-үй.

2.4. Қоғамның пошталық мекенжайы: 100702, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Мұратбаев көшесі, 20-үй.

2.5. Қоғамның осы жарғысы (мәтін бойынша «**Жарғы**») Заңнамаға сәйкес әзірленген және «Жәйрем кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамының заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат болып табылады.

3- бап. Қоғамның мақсаты, міндеттері және қызметінің мәні

3.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты кенді және кенсіз минералды шикізатты өндіру және өткізу жолын қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қалмай пайда шығарып алу мақсатындағы кәсіпкерлік қызмет болып табылатын коммерциялық ұйым болып табылады.

3.2. Қоғам азаматтық құқықтық қабілетке ие.

3.3. Қоғам қызметінің мәні болып табылады:
- кенді және кенсіз минералды шикізаттың қорларын есептеп, шығатын жерлерін іздеу және геологиялық барлау;
- кенді және кенсіз минералды шикізат шығатын жерлерді қазу, өндіру, қайта өңдеу және өткізу;
- минералды шикізат шығатын жерлерді қазу және оны өндіру кезінде бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу;
- тау-кен өндірісін, көтеретін құрылыстарды, сондай-ақ қысым күшімен жұмыс істейтін ыдыстар мен құбырларды жобалау, құрастыру және пайдалану;
- минералды шикізатты қайта өңдеу;

- жер қойнауын пайдалану кезіндегі маркшейдерлік жұмыстарды жүзеге асыру;
- тау-кен – шахталық және геологиялық барлау жабдығын, көтеретін құрылыстарды, сондай-ақ қысым күшімен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбырларды жасау, құрастыру, және жөндеу;
- жолаушылар мен жүктерді теміржол және әуе көлігімен тасымалдау;
- қауіпті жүктерді барлық көлік түрлерімен тасымалдау;
- өлшеу құралдарын тексеру;
- жер астындағы және жер бетіндегі суларды (арнайы су пайдалану) өндіру және пайдалану;
- - разработка, производство, приобретение, хранение и реализация взрывчатых веществ и пиротехнических веществ, изделий с их применением ;
- жарылғыш заттармен пиротехникалық заттарды және оларды қолданатын заттарды әзірлеу, өндіру, сатып алусақтау және өткізу;
- өрт-күзет сигнал беру жабдығы мен өртке қарсы автоматика құралдарын жобалау, құрастыру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- жобалау-зерттеу, сараптамалық, құрылыс-құрастыру жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылыстарын жүргізу бойынша жұмыстар;
- құрылыс, жөндеу-құрылыс, іске қосу-жөндеу және шефмонтаждау жұмыстарын жүзеге асыру;
- автомобиль көлігі мен өздігінен жүретін техникаға қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру;
- шетелдік жұмыс күшін тартумен, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс әкетумен байланысты қызмет;
- мұнай өнімдерін және жанар-жағармай материалдарын сатып алу, қайта өңдеу және өткізу;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, дайындау және өткізу;
- сертификаттау және метрологиялық қызмет көрсету;
- сауда-сатып алу, соның ішінде сауда және бөлшектік сатып алу қызметі, өнеркәсіптік және азық-түлік тауарларымен, ауыл шаруашылық өнімдерімен сауда жүргізу бойынша коммерциялық дүкендерді ұйымдастыру, комиссиялық қызмет;
- лизингілік және айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- жылжымайтын мүлік, автокөлік және басқа да қорғалған құқықтарға ие болу, сату, басқару және пайдалану;
- халықтық тұтыну тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді өндіру;
- қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілген ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған жерге байланысты операциялардың барлығын жүргізу;
- ішкі және сырткы нарықтағы озық технологиялар мен өнертабыстарды қолданысқа енгізу;
- пошта байланысы және телекоммуникация саласындағы қызмет;
- қойма шаруашылығын жүргізу, консигнациялық және кеден қоймаларын ұйымдастыру;
- заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу (соның ішінде экспорт);
- өнімді, тауарды, жұмыстар мен қызметтерді экспорттау және импорттау бойынша сауда операциялары және басқа да сыртқы экономикалық қызметті жүргізу;
- баспа және жарнама-ақпараттық қызмет жүргізу;
- көліктік-экспедициялық қызметтер, көлік құралдарының қоса еріп жүруі және оларды жалға беру;
- жоғары сапалы коммуникациялық радиобайланысты пайдалану;
- құнды қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет;
- ведомстволық қауіпсіздік қызметі мен күзетті құру;
- кәсіпорындар мен халыққа делдалдық, коммерциялық, көліктік, заң, консалтингілік қызмет көрсету;
- медициналық, дәрігерлік қызметпен айналысу;
- тұрғын үй, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы обьектілерді салу;
- инвестициялық және өкілдіктік қызмет;
- өздігінен, сол сияқты сыртқы экономикалық заңды тұлғалар мен қауымдастықтар арқылы ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын сыртқы экономикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға әлеуметтік салада қызмет көрсету, соның ішінде қонақжай шаруашылығын ұйымдастыру;
- кір жуу, химиялық тазалау, тұрмыстық техниканы жалға беру қызметтерін көрсету;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметт түрлері;

3.4. Қоғам Заңнамамен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

3.5. Қоғам тізбесі Заңнамамен белгіленетін жеке қызмет түрлерімен арнайы рұқсат (лицензия) негізінде ғана айналыса алады. Алдын ала рұқсат (лицензия) алуды талап ететін қызметті жүзеге асырар алдында Қоғам белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия) алуы тиіс.

3.6. Қоғам Заңнаманы сақтауға, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді дұрыс әрі уақытылы өткізуге, бухгалтерлік есеп ережелерін сақтауға, салық, бухгалтерлік және статистикалық есептілік тәртібі мен мерзімін сақтауға міндетті.

3.7. Қоғамның қызметі туралы ақпарат жалпыұлттық «Казахстанская Правда газетінде жарияланады.

4- бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

4.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады, азаматтық құқықтарға ие болады және Заңнамамен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруға қажетті міндеттерді атқарады.

4.2. Қоғамның меншігінде оның дербес балансында (Қоғам балансы) ескерілетін оқшауланған мүлкі болады. Қоғам акционерлердің оған жарғылық капиталға үлес ретінде тапсырылған мүліктің, зияткерлік меншіктің және өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған, сондай-ақ Заңнамамен рұқсат етілетін басқа да негіздемелер бойынша алынған мүліктің меншік иесі болып табылады. Қоғам өндірілген өнімді және өзіне тиесілі құнды қағаздарды сатудан алынған қаражаттың да меншік иесі болып табылады.

4.3. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алады және оларды жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта, соның ішінде экономикалық, аралық және басқа да соттарда талапкер және жауапкер бола алады.

4.4. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс банк шоттарын ашуға құқылы.

4.5. Қоғамның өзінің толық және/немесе қысқартылған фирмалық атауы, эмблемасы және атқарушы органының орналасқан жері көрсетілген дөңгелек мөрі, мөртаңбалары мен бланкілері болады, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелетін тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі) және басқа да дыбыс-бейнелік сәйкестендіру құралдары болуы мүмкін.

4.6. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүліктің барлығына жауапты. Қоғам акционерлері Қоғам міндеттіліктері бойынша жауапты болмайды және өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қызметімен байланысты шығын тәуекеліне ұшырайды.

4.7. Қоғамның лауазымдық тұлғалары заңнама мен Жарғыға сәйкес жауапты болады.

4.8. Қоғам мемлекет және оның органдарының міндеттіліктері бойынша жауапты болмайды, сол сияқты Мемлекет және оның органдары да Қоғамның міндеттіліктері бойынша жауапты болмайды.

II ТАРАУ.
ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ

5– бап. Қоғамның жарғылық капиталы

5.1. Осы Жарғы бекітілетін күні қоғамның жарғылық капиталы толығымен қалыптастырылған;

5.2. Жарғылық капиталды кейінгі қалыптастыру (арттыру) Қоғамның меншікті жарияланған акцияларын орналастыру арқылы, соның ішінде акционерлердің акцияларды сатып алуға артықшылықты құқығын жүзеге асыру арқылы жүргізіледі.

6– бап. Қоғамның акциялары және басқа да құнды қағаздары

6.1. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады. Бір түрдегі акция оны иеленуші әр акционерге осы түрдегі акцияларды иеленуші басқа да акционермен бірдей көлемде құқық береді;

6.2. Акциялардың құны оларды төлеу нысаны мен тәсіліне қарамастан Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі.

6.3. Акцияларды акша қаражаты, мүлік, сондай-ақ мүліктік және мүліктік емес құқықтар есебінен сатып алуға болады. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу нысаны оларды орналастыру туралы шешіммен анықталады.

6.4. Жай акция акционерге дауыс беруге ұсынылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығын беріп, акционерлердің Жалпы Жиналысына қатысу құқығын (төменде анықталатындай), Қоғам таза табысқа ие болғанда дивиденд, сондай-ақ Заңнамамен белгіленген тәртіппен тарату кезінде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

6.5. Артықшылықты акция өзінің иесіне акционерлер – жай акциялардың иелері алдында Жарғымен белгіленген дивидендтердің кепілдендірілген мөлшерін алу құқығын, сондай-ақ Қоғам Заңнамамен белгіленген тәртіппен таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

6.6. Артықшылықты акция акционерге төменде көрсетілген жағдайлардың бірі туындағандағы жағдайлардан басқа Қоғамды басқаруда құқық бермейді:

- Жалпы Жиналыс шешімі артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектей алатын мәселелерді қарастырады. Артықшылықты акцияларды иеленушілердің құқықтарын шектей алатын шешім түрлері Жарғының 13.11-тармағына сәйкес анықталады.

Сонымен бірге, артықшылықты акцияларға иеленуші акционердің құқықтарын шектей алатын мәселе бойынша шешім орналастырылған (Қоғам сатып алғандарын шығарғанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының, кем дегенде, үштен екі бөлігі шектеуге дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі.

- Жалпы Жиналыс Қоғамның артықшылықты акциялардың ұйымдастырылмаған нарықта сатып алғандағы құнын анықтау әдістемесіне өзгеріс бекіту туралы мәселені қарастырады;

- Жалпы Жиналыс Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарастырады;

- Артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық көлемде төленбеген.

6.7. Осы мақаланың 6.6-тармағының алтыншы абзацында қарастырылған жағдайда акционердің артықшылықты акциялардың меншік иесінің Қоғамды басқаруға қатысу құқығы өзіне тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендті толық мөлшерде төлеген күннен бастап тоқтатылады, сонымен бірге, осындай акционердің атына ашылған шоттар талап етілгенге дейінгі депозиттік шоттардағы дивидендтерді шоғырландыру сәті немесе Қоғам кассасына қолма-қол ақша төлеу немесе тиісті акционердің жазбаша өтініші бойынша банктегі шоттарға ақша түсіру сәті Қоғам акционеріне дивиденд төлеу сәті болып табылады.

6.8. Артықшылықты акциялар бойынша төленбеген дивидендтер осы Жарғының 6.7-тармағына сәйкес акционерлердің талаптары бойынша шоғырландырылуы және төленуі тиіс.

6.9. Қоғам акционерлері басқа акционерлер мен Қоғамның келісімінсіз өздеріне тиесілі акцияларды өздігінен иеліктен шығара алады.

6.10. Қоғамның Қоғам акцияларын сатып алуы, соның ішінде осындай акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алуы Заңмен қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады. Қоғам сатып алған акциялар Жалпы Жиналыс кворумын анықтау кезінде ескерілмейді және онда дауыс беруге қатыспайды.

III ТАРАУ
ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ДИВИДЕНД ТӨЛЕУ

7– бап Жай орналастырылған акциялар бойынша дивиденд төлеу

7.1. Жай акциялар бойынша дивидендтер акционерлердің Жалпы Жиналысының тоқсан немесе жарты жылдық қорытындысы бойынша қабылдаған шешімдерінің, сол сияқты Заңнамамен белгіленген тәртіппен тиісті шешімі міндетті түрде басылып шығарылған Жалпы Жиналыстың жылдық шешімінің негізінде төленеді.

7.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім мынадай мәліметтерді қамту керек:

- Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;

- дивиденттер төленетін мерзім;

- бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;

- дидидендтер төлене бастаған күн;

- дивидендтерді төлеу тәртібі, нысаны және мерзімі.

7.3 Жалпы Жиналыс тиісті шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялап, қоғамның жай акциялары бойынша төлем жасамау туралы шешім қабылдауға құқылы.

3.4. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін жай акциялар бойынша дивиденд төлеу жүзеге асырылмайды.

8– бап. Орналастырылған артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу

8.1. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы мерзімдегі жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы тиіс.

8.2. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді және оны жылдық Жалпы Жиналыс қаржы есептілігін бекіту қорытындысы бойынша жылына бір рет жүзеге асырады.

8.3. Қоғамның қаржы жылындағы қызметінің қорытындысы бойынша артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілдендірілген мөлшері Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде 85 (сексен бес) теңге, 59 (елу тоғыз) тиынды құрайды.

8.4. Қоғам артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзіміне дейінгі 5 (бес) күн ішінде Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін көрсетіп, дивиденд төлеу туралы ақпаратты, сондай-ақ мынадай мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті:

- Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;
- дивиденттер төленетін мерзім;
- бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- дидидендтер төлене бастаған күн;
- дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны

9– бап. Орналастырылған жай және артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеуді болдырмайтын жағдайлар.

9.1. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болғанда немесе Қоғамның меншікті капиталы оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болғанда;
2) Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілері болғанда немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болғанда.

IV ТАРАУ.
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

10– бап. Акционерлердің құқықтары

10.1. Акционердің Қоғамға қатысты құқықтары оған тиесілі акциялардың түрі және типі бойынша анықталады. Акционердің құқықтары Заңнамаға, Жарғыға және Қоғамды басқару органдарының олардың Жарғы және Заңмен қарастырылған құзыреттері шегінде қабылдаған шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Акционерлер өз құқықтарын тікелей, сол сияқты Қоғамның басқа акционерлерін, сондай-ақ лауазымдық тұлғаларын қоса алғанда (Қоғамның атқарушы органдарының мүшелерін есепке алмағанда), өкілдері ретінде әрекет ететін кез келген үшінші тұлғалар арқылы жүзеге асыра алады.

10.3. Акционерлер Қазақстан Республикасының Заңымен және Азаматтық кодексімен қарастырылған тәртіппен өз өкілдерін тағайындай алады.

10.4. Акционер(лер)дің құқығы бар:

- Жарғымен және Заңмен қарастырылған тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- дивиденд алуға;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Жарғысымен анықталған тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- Қоғамның тіркеушісі (бұдан әрі «**Тіркеуші**») болып табылатын «Құнды қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-дан немесе атаулы иесінен (оған тиесілі Қоғам акциялары атаулы иеленуде болатын жағдайда) оның құнды қағаздарға меншіктік құқығын және акционердің туындайтын құқықтарын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;
- өздігінен немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларының 20 (жиырма) не одан астам пайызына ие болған кезде Жалпы Жиналысқа Заң және Жарғымен карастырылған тәртіппен Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
- Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен талас тудыруға;

- өздігінен немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) не одан астам пайызына ие болған кезде Заңмен қарастырылған тәртіппен сот органдарына Қоғамға оның лауазымдық тұлғаларының келтірген шығындарын өтеуін және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының және аффилиирленген тұлғаларының Қоғамға ірі мәмілелерді және (немесе) орындалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуды ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) қайтаруын талап етіп жүгінуге;
- Қоғамға қызмет туралы жазбаша сұрау салып жүгінуге және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- Қоғамды тарату кезінде мүліктің бір бөлігіне;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, Заңмен белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе акцияларына айырбасталатын басқа да қағаздарды артықшылықпен сатып алуға.

Акционерлердің Жарғымен, Заңнамамен, сондай-ақ оның құзыреті аясында Жалпы Жиналыс қабылдаған шешімдермен қарастырылған басқа да құқықтары бар.

11– бап. Акционерлердің міндеттері

11.1. Акционерлердің мынадай міндеттері бар:

- акцияларды төлеу;
- Тіркеушіге және акциялардың атаулы иесіне 10 (он) күн ішінде Қоғам акциялары иелерінің (соның ішінде Жарғының 6.6-тармағына сәйкес акционерлерде – артықшылықты акциялардың иелерінде Қоғамды басқару құқығы пайда болған сәттен бастап) тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлап отыру (Оған тиесілі Қоғам акциялары атаулы иеленуде болатын жағдайда);
- қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеу;
- Заң және Заңнамаға сәйкес басқа да міндеттерді ішінара атқару.

V ТАРАУ
ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

12– бап. Қоғамды басқару органдары

12.1. Қоғамды басқаруды жүзеге асыратын қоғам органдары:

1) жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы Жиналысы (Жарғы мәтіні бойынша «**Жалпы Жиналыс**»);
2) басқару органы – Директорлар Кеңесі (Жарғы мәтіні бойынша «**Директорлар Кеңесі**»);
3) атқарушы орган – Қоғам басқармасы (Жарғы мәтіні бойынша «**Басқарма**»);
4) бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі (Қоғамда құру шешімі қабылданған жағдайда).

12.2. Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болса, Жалпы Жиналыстың барлық функцияларын осы акционер атқарады;

12.3 Қоғам банкрот болып танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша немесе банкроттық немесе оңалту басқарушысын Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіппен тағайындаған жағдайда Қоғам органдары өз қызметін Қазақстан Республикасының тиісті оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісімен қарастырылған шектеулерімен сақтайды.

VI ТАРАУ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

13– бап. Жалпы ережелер

13.1.Жалпы Жиналыс Қоғамның тиісті жазбаша шешімді қабылдау арқылы басқа Қоғамды басқару органдары қызметінің (ішкі және сыртқы) кез келген мәселелері бойынша кез келген шешімінің

күшін жою, Заңнамаға қарсы келмейтін тәртіппен кез келген Қоғамды басқару органының құзыретін өзгерту құқығы бар жоғарғы органы болып табылады.

13.2. Жалпы Жиналыс дауыс беретін акциялары бар Қоғамның барлық акционерлерінен құрылатын, жылдық және кезектен тыс жиналыс түрінде Заңға және Жарғыға сәйкес акционерлердің жеке отырыстарын өткізетін ұжымдық орган болып табылады (дауыс беретін акциялар бір акционердің меншігі болғандағы жағдайдан басқа).

13.3. Жылдық Жалпы Жиналыс шешімі Жалпы Жиналыс құзыретіне қатысты қабылданатын кез келген мәселелерді қарастыруға құқылы.

13.4. Жылдық Жалпы Жиналыс қаржы жылы аяқталған соң 5 (бес) күн ішінде өткізілу керек. Қоғам аудитін есептілік мерзімінде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзыртылған болып саналады.

13.5. Жылдық Жалпы Жиналыста:

1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі;

2) өткен қаржы жылындағы таза табысты үлестіру тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері анықталады;

3) акционерлердің Қоғам және оның лауазымдық тұлғаларының іс-әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселе қарастырылады;

4) Жалпы Жиналыстың қарауы бойынша басқа да мәселелер.

13.6. Жарғыда көрсетілген Жалпы Жиналыс құзыретіне қатысты мәселелерден басқа Заңға және Жарғыға сәйкес Жалпы Жиналыс құзыретіне жатпайтын кез келген мәселені қарастыруға оның құқығы бар.

13.7. Қоғам акционерлерінің жылдық болып табылмайтын жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

13.8. Акционерлердің Жалпы Жиналысы Директорлар Кеңесі құрған және Заң мен Жарғыға сәйкес Жалпы Жиналыс құзыретіне қатысты күн тәртібіне енгізілген кез келген мәселені қарастыруға құқылы.

13.9. Кезектен тыс Жалпы Жиналысты өткізу кезектен тыс Жалпы Жиналысты шақыру туралы Хабарлама де көрсетілген күні, бірақ кез келген жағдайда тиісті Хабарлама Жарғының 14.9-және 14.10 тармақтарында қарастырылған тәртіппен жарияланған күннен бастап, кемінде, 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады (тіркеуші ұсынған ақпарат бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы саны 50 (елуден) аспаған жағдайдан басқа).

13.10. Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционердің меншігінде болған жағдайда, төмендегі 13.11-тармақта көрсетілген мәселелерді қарастыру жағдайынан басқа, Жалпы Жиналыстар өткізілмейді.

13.11. Шешім қабылдау акционердің артықшылықты акциялар куәландырған құқықтарын шектей алатын мәселелерге:

- артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту немесе мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына ауыстыру жатады.

13.12 Жалпы Жиналысқа қатысу және онда дауыс беру құқығы бер акционерлердің тізімін Қоғам акциялары иесінің (бұдан әрі - **«Акционерлер тізімі»**) тізілімдер жүйесі негізінде Тіркеуші құрады.

14– бап. Жалпы Жиналысты шақыру тәртібі.

14.1. Акционерлердің жылдық Жалпы Жиналысын тиісті шешім қабылдау арқылы Директорлар Кеңесі не болмаса Заңнамамен белгіленген басқа да негіздер арқылы шақырады.

14.2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы Жиналысы:

1) Директорлар Кеңесінің;

2) Ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

14.3. Директорлар Кеңесі бойынша кезектен тыс Жалпы Жиналысты шақыру Жарғыда қарастырылған тәртіп пен шартта не болмаса Заңнамамен белгіленген басқа да негіздермен жүзеге асырылады.

14.4. Ірі акционер Қоғамның тұрғылықты мекенжайы бойынша жиналыстың күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар Кеңесінің кезектен тыс Жалпы Жиналысты шақыруын талап етеді.

14.5. Директорлар Кеңесі ірі акционер талап еткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдап, осы шешімді қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей осы талап еткен

тұлғаға кезектен тыс Жалпы Жиналысты шақыру не шақырудан бас тарту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жолдауға міндетті.

14.6. Директорлар Кеңесінің күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгеріс енгізуге және ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылатын кезектен тыс Жалпы Жиналысты өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

14.7. Директорлар Кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша кезектен тыс Жалпы Жиналысты шақыру туралы шешімі мынадай жағдайда қабылданады:

1) Заңмен және Жарғымен белгіленген кезектен тыс Жалпы Жиналыстың шақырылуын талап ету тәртібі сақталмағанда;

2) кезектен тыс Жалпы Жиналыстың күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Заңнаманың талаптарына сәйкес келмесе.

14.8. Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімнің негізінде Жалпы Жиналысты дайындауға және өткізуге жауапты тұлға (Директорлар Кеңесінің осындай шешіміне сәйкес Басқарма, Тіркеуші, Директорлар Кеңесі немесе Қоғамды тарату процедурасының аясында Қоғамды тарату комиссиясы болуы мүмкін) Қоғам акционерлеріне Жалпы Жиналыстың өткізілуі туралы хабарлама дайындайды.

14.9. Қоғам акционерлерінің Жалпы Жиналысын өткізу туралы хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:

1) Жарғыға сәйкес Қоғамның атқарушы органының толық атауын және мекенжайын;

2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтерді;

3) Жалпы Жиналыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын, жиналыс қатысушылары тіркеле бастайтын уақытты, сондай-ақ бірінші жиналыс болмаған жағдайда өткізілетін қайталама Жалпы Жиналыстың өткізілетін күні мен уақытын;

4) Акционерлер тізімін құру күнін;

5) Жалпы Жиналыстың күн тәртібін;

6) Қоғам акционерлерінің Жалпы Жиналыстың күн тәртібі мәселелері (Жалпы Жиналыстың материалдары Заң талаптарына сәйкес дайындалады) бойынша материалдармен танысу тәртібі, сонымен қатар, осындай материалдар жиналыс өткізілетін күнге дейін, кемінде 10 (он) күн бұрын қолжетімді болуы керек.

14.10. Жалпы Жиналысты өткізу туралы хабарлама (бұдан әрі «**Хабарлама**») Жалпы Жиналыс өткізілгенге дейін 30 күн ішіндегі мерзімде (барлық дауыс беруші акциялар бір адам меншігінде болғандағы жағдайдан басқа) Жарғының 3.7-тармағына сәйкес жарияланады.

14.11. Хабарламаға енгізілетін Жалпы Жиналыстың күн тәртібі Директорлар Кеңесінің шешімен анықталып, «әр түрлі», «өзге», «басқа» және осыған ұқсас анықтамаларды қоса алғандағы кең ұғымдағы анықтаманы күн тәртібіне енгізбей, Жалпы Жиналыстың талқылауына ұсынылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамту керек.

14.11 Жалпы Жиналыстың өткізілетін күнінен, кемінде 15 (он бес) күн бұрын Қоғам акционерлеріне толықтыру енгізілетіні туралы хабарланған жағдайда немесе осы жиналысқа қатысушы және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығы, кем дегенде 95 (тоқсан бес) пайызына ие акционерлер күн тәртібін өзгерту үшін дауыс берген жағдайда акционерлердің тікелей Жалпы Жиналысында ірі акционер немесе Директорлар Кеңесі Жалпы Жиналыстың күн тәртібін толықтыра алады.

15-бап. Жалпы Жиналысты өткізуге дайындық.

15.1. Жалпы Жиналыс ашылғанға дейін:

1) Келген акционерлерді (олардың өкілдерін) Тіркеуші құрған Жалпы Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлер тізіміне сәйкес тіркеу;

2) кворум фактісін анықтау, атап айтқанда, Қоғамның дауыс беретін Акцияларының жиынтығы 50 (елу) немесе одан да көп пайызына ие Акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлердің қатысу фактісін растау және тіркеу; немесе

3) Тіркеу аяқталған уақытта оған қатысу үшін жиынтығы 40 (қырық) не одан да көп пайызды құрайтын дауыс беретін акцияларға ие акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелсе, кворум болмаған жағдайда күн тәртібі мәселелерін қарастыруға және солар бойынша шешім қабылдауға құқылы болатын қайталама жиналыс өткізіледі.

15.2. Жалпы Жиналысты дайындауға және өткізуге жауапты тұлға келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу басталғанға дейін есеп комиссисының мүшелеріне Акционерлер тізімін жолдайды.

15.3. Акционерді (оның өкілін) тіркеу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес құрылған және оның Жалпы Жиналысқа қатысып, дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты немесе Заңнама не шарттан туындайтын өкілеттіктерге қарап оның сенімхатсыз Жалпы Жиналысқа қатысу құқығын растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.

15.4. Акционерлер тізімінде көрсетілмеген және соған сәйкес тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге құқығы жоқ.

15.5. Көзбе-көз өткізілетін Қоғам акционерлерінің жиналысына шақырылмаған тұлғалардың оған қатысуға құқығы жоқ.

16-бап. Жалпы Жиналыстың ашылуы.

16.1. Жалпы Жиналысты Директорлар Кеңесі (ДК төрағасы немесе Жалпы Жиналысты шақыру туралы шешімге сәйкес Директорлар Кеңесімен тағайындалған оның кез келген мүшесі) жарияланған уақытта есеп комиссиясы белгілеген кворум болғанда (Қоғамы акционерлерінің саны 100 (жүзден) кем болған жағдайда, есеп комиссиясының функцияларын Жалпы Жиналыстың хатшысы атқарады) немесе барлық акционерлер (олардың өкілдері) енді тіркелген, кворумның бар екендігінен хабардар болған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайда жарияланған уақыттан бұрын ашады.

16.2. Есеп комиссиясын құрамына, кемінде 3 (үш) мүше кіретін Жалпы Жиналыс 2 (екі) жылдық мерзімге сайлайды және Заңмен белгіленген функцияларды жүзеге асырады. Есеп комиссиясына Қоғамның лауазымдық тұлғалары кіре алмайды.

17-бап. Рәсімдік мәселелер бойынша шешім қабылдау.

17.1. Ашылғаннан кейін Жалпы Жиналыс мынадай шешімдерді дәйекті түрде қабылдайды:

1) Жалпы Жиналыс төрағасы (президиумы) мен хатшысын сайлау туралы;

2) дауыс беру формасын (ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) анықтау;

3) күн тәртібін бекіту (Директорлар Кеңесінің күн тәртібін өзгерту туралы алған ұсыныстары туралы алдын ала баяндамамен).

17.2. Жарғының 17.1-тармағында көрсетілген рәсімдік мәселелер бойынша шешімдер «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша қарапайым көпшілікпен қабылданады және Директорлар Кеңесінің күн тәртібіне тиісті мәселелрді алдын ала енгізуін талап етпейді.

17.3. Жалпы Жиналыстың төрағасы (президиумы) Басқарма мүшесі бола алмайды (мүшелерінен құрала алмайды). Жалпы Жиналыста Директорлар Кеңесін сайлау (Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылған жағдайда Жалпы Жиналыс хаттамасында таңдалған Директорлар Кеңесінің мүшесі қай акционердің өкілі екендігі және (немесе) Директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

17.4. Жалпы Жиналыс хаттамасына қол қояды:

1) Жалпы Жиналыс төрағасы (президиум мүшесі) және хатшысы;

2) есеп комиссиясының мүшелері;

3) Жалпы Жиналысқа қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының он не одан да астам пайызына ие акционерлер.

Жалпы Жиналыс хаттамасындағы мәліметтердің толық әрі сенімді болуына Жалпы Жиналыстың хатшысы жауапты болады.

17.5. Күн тәртібінің барлық мәселелері жөніндегі дауыс беру қорытындысы бойынша есеп комиссиясы (Жарғының 16.1-тармағында қарастырылған жағдайда – Жалпы Жиналыстың хатшысы) дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы құрып, оған қол қояды. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама Заңмен қарастырылған нысан бойынша құрылады, Акционерлердің Жалпы Жиналысының хаттамасына тіркелуі тиіс және Жалпы Жиналыс жабылғаннан кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Жарғының 3.7-тармағында қарастырылған тәртіппен жарияланады.

18-бап. Жалпы Жиналыстың ерекше өкілеттіктері.

18.1. Жалпы Жиналыстың ерекше құзыретіне мынадай мәселелерді шешу кіреді:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау жағдайлары мен тәртібін анықтау;

5) Қоғамның жай акцияларға айырбасталатын құнды қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;

6) бір түрдегі айырбасталатын акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау жағдайлары мен тәртібін анықтау;

7) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату;

8) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы және шығын өтемақысын төлеу жағдайлары мен мөлшерін анықтау;

9) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

10) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін және жылдық операциялық бюджетін бекіту;

11) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және оны дамыту стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қаратырылған жағдайларда Қоғамды дамыту жоспарын бекіту;

12) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларын ерікті түрде делистингілеу туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның жылдық операциялық бюджетімен қарастырылған Қоғам меншігіндегі барлық активтердің жиынтығы, кемінде 25 (жиырма бес) пайызды құрайтын сатып алу бойынша мәмілелерден басқа, Қоғам активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін тапсыру (алу) арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құру немесе қызметіне қатысу немесе басқа заңды тұлғалары қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау (жылдық операциялық бюджет аясында жасалатын осындай мәмілелер бойынша шешімдер Директорлар Кеңесімен қабылданады);

16) Қоғамның мәмілелер, соның ішінде өзара байланысты, эквивалентте 10 000 000 АҚШ доллары құнынан асатын (шешім шыққан мерзімдегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің курсы бойынша теңгемен) және Қоғамның жылдық операциялық бюджетінде қарастырылмаған мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдауы;

17) Қоғамның жылдық операциялық бюджетімен қарастырылмаған ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдауы;

18) Жарғыда қарастырылған Хабарлама нысаны мен тәртібін өзгерту;

19) Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды заңға сәйкес сатып алған кездегі олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгеріс бекіту;

20) Жалпы Жиналыстың күн тәртібін бекіту;

21) Заң және (немесе) Жарғы шешімінің қабылдануын Жалпы Жиналыстың ерекше құзыретіне жатқызған басқа да мәселелер.

18.2. Жарғының 18.1-тармағының 2), 3) және 19) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы Жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады, Жалпы Жиналыстың басқа шешімдері дауыс беруге акционерлер тізіміне сәйкес қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады (егер Заңнамамен басқа шарттар қарастырылмаса).

VII ТАРАУ.
ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

19-бап. Жалпы ережелер

19.1. Директорлар Кеңесі Заң және (немесе) Қоғам Жарғысы Жалпы Жиналыстың немесе Басқарманың ерекше құзыретіне жатқызған мәселелерді шешуден басқа Қоғам қызметін жалпы әрі шұғыл басқаруды, сондай-ақ өз құзыреті шегінде Басқарма қызметін бақылауды жүзеге асыратын Қоғамды басқару органы болып табылады.

19.2. Директорлар Кеңесі өз қызметінде тәуелсіз және оны жүзеге асыруда тек Заңнама, Жарғы мен Жалпы Жиналыстың шешімдерін ғана басшылыққа алады.

20-бап. Директорлар Кеңесінің құрамы, оның мүшелерін сайлау

20.1. Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы және өтемақы төлеу жағдайлары мен мөлшерін анықтау Заң мен Жарғыға сәйкес Жалпы Жиналыс шешімі бойынша жүзеге асырылады. Акционерлердің Жалпы Жиналысының шешімі Жарғыда қарастырылған сайлау тәртібі мен санына қарағанда Директорлар Кеңесі мүшелерін тағайындаудың кез келген саны мен тәртібін қарастыруы мүмкін.

20.2. 20.1-тармақтың ережелеріне қарамастан, Директорлар Кеңесіне сайланатын мүшелердің саны тақ болуы және, кем дегенде 3 (үш) тұлғадан құрылуы керек, сонымен бірге, Директорлар Кеңесінің сайланған құрамы санының, кем дегенде, 30 (отыз) пайызын тәуелсіз директорлар құру керек.

20.3. Директорлар Кеңесінің мүшелері жеке тұлғалар ғана болуы мүмкін, сайлайтын ішінен:

1) акционерлер – жеке тұлғалардың;

2) Директорлар Кеңесіне акционерлердің төрағалары ретінде сайлануға ұсынылған тұлғалардың;

3) Қоғам акционері болып табылмайтын және Директорлар Кеңесіне акционер төрағасы ретінде сайлануға ұсынылмаған тұлғалардың арасынан сайланатын жеке тұлғалар ғана Директорлар Кеңесінің мүшелері бола алады

20.4. Директорлар Кеңесі 5 (бес) мүшеден тұрады (Жалпы Жиналыстың шешімінде Жарғының 20.1 және 20.2-тармақтарына сәйкес басқасы анықталмаса), сонымен бірге, Директорлар Кеңесінің жалпы санынан мүшелердің, кем дегенде, 30 (отыз) пайызы, атап айтқанда, 5 (бес) мүшенің 2 (екеуі) тәуелсіз директор болуы керек.

20.5. Қоғамның дауыс беретін акцияларының әр 20 (жиырма) пайызы бір не бірнеше (бірақ үштен аспайтын) үміткердің Директорлар Кеңесіндегі бір орынға ұсынылатындай, акционерлер тізімінің негізінде анықталатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының, кем дегенде, 20 (жиырма) пайызын иеленуші Қоғам акционерлері кандидатураларын ұсынуға құқылы.

20.6. Акционерлер тізімінің негізінде анықталатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының, кем дегенде, 20 (жиырма) пайызын иеленуші акционерлер талап етілетін акциялардың шегіне жету үшін дауыстарды оларға тиесілі акциялар бойынша шоғырландыруға және Жарғының 20.5-тармағында көрсетілген қағидатқа сәйкес Директорлар Кеңесіне мүшелікке кандидатура ұсынуға құқылы.

20.7. Директорлар Кеңесінің мүшелері Жарғының 20.5-тармағына сәйкес акционерлер ұсынған үміткерлердің арасынан – дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдаланып, кумулятивті дауыс беру арқылы 5(бес) жылдық мерзімге немесе Жалпы Жиналыс шешімінде белгіленген басқа мерзімге сайланады.

20.8. Директорлар Кеңесіндегі бір орынға бір үміткер сайланған жағдайда кумулятивті дауыс беру өткізілмейді, бұндай жағдайда Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау акционерлердің Директорлар Кеңесі ұсынылатын құрамы үшін дауыс беру және Акционерлер тізіміне сәйкес жалпы Жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығы бар акционерлердің қарапайым көпшілік даусымен шешім қабылдау арқылы жалпы Жиналыста жүзеге асырылады.

20.9. Кумулятивті дауыс беру кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетеньдер арқылы жүргізіледі. Кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетеньде мынадай бағандар қамтылуы тиіс:

1) Директорлар Кеңесі мүшелігіне үміткерлердің тізбесі;

2) акционер меншігіндегі дауыс саны;

3) акционердің Директорлар Кеңесі мүшелігіне үміткерге берген дауыс саны.

Кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалған» дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

20.10. Кумулятивті дауыс берген жағдайда акционер өзінің меншігіндегі акциялар бойынша толығымен бір адамға дауыс беруге немесе оларды Директорлар Кеңесі мүшелігіне бірнеше үміткерге, соның ішінде басқа акционерлер ұсынатын үміткерлерге үлестіруге құқылы. Ең көп дауыс жинаған үміткерлер Директорлар Кеңесіне сайланған болып есептеледі.

20.11. Директорлар Кеңесіне екі немесе одан да көп үміткер бірдей дауыс санын жинаса, акционерлерге бірдей дауыс санын жинаған үміткерлерді көрсетіп кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну арқылы бұл үміткерлерге қатысты қосымша кумулятивті дауыс беру өткізіледі.

20.12. Директорлар кеңесінің мүшелері шексіз сан рет сайлануға құқылы.

20.13. Басшысынан басқа Қоғам Басқармасының мүшелері Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы ДК төрағасы болып сайлана алмайды.

20.14. Директорлар Кеңесі мүшесінің Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды атқаруды басқа тұлғаларға тапсыруға құқығы жоқ.

21-бап. Директорлар Кеңесі мүшелігіне үміткерлерге қойылатын талаптар

21.1. Жалпы Жиналыс Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы шешімді қабылдау кезінде Директорлар Кеңесі мүшелігіне үміткерлерді таңдауға мынадай талаптарды басшылыққа алады:

1) адалдық, парасаттылық, мінсіз іскерлік бедел;

2) үміткердің акционерлер мен Қоғам мүдделеріне барынша жауап беретін салмақты шешім қабылдауына мүмкіндік беретін кәсіби білімі мен біліктілігі;

3) басқа саладан гөрі, Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін саладағы басқару жұмысында тәжірибенің жеткілікті болуы;

21.2. Мынадай тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) соттылығы өтелмеген немесе белгіленген тәртіппен алынып тасталмаған.

21.3. Жалпы Жиналыс Қоғамның жоспарланып жатқан стратегиясына, акционерлердің Қоғам алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне байланысты Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлерге қойылатын басқа да талаптарға сүйенуге құқылы.

22-бап. Тәуелсіз директорларға қойылатын қосымша талаптар

22.1. Директорлар Кеңесінің тәуелсіз мүшесі:

- Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болмауға (соның ішінде, оның Директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болмауға);

- Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болмауы;

- Қоғамның немесе ұйымдардың лауазымдық тұлғалары – Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына бағынышты болмауға;

- Қоғамның немесе ұйымдардың лауазымдық тұлғалары – Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына оның Директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде бағынышты болмауға;

- мемлекеттік қызметші болмауға;

- осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілі болмауға және Директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде де болмауға;

- аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғам аудитіне қатыспауға және оның Директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде осындай аудитке қатыспауға тиісті.

23-бап. Директорлар Кеңесі құрамының өзгеруі

23.1. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі ДК төрағасына хабарлама жолдауға, ал ДК төрағасы Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесіне сәйкесінше Директорлар Кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін тоқтатуы туралы хабарлама жолдауға құқылы.

23.2. Директорлар Кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттікті тоқтату туралы хабарлама Директорлар Кеңесінің осы мүшесі қай күннен бастап өз өкілеттігін тоқтатып, Директорлар Кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарудан босатылған болып есептелетіні көрсетіліп, жазбаша нысанда берілу керек. Тиісті жазбаша хабарламада күні жазылмаған жағдайда Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі

көрсетілген Директорлар Кеңесінің хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі.

23.3. Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі Жалпы Жиналыстың тиісті шешімімен лауазымынан босатылуы мүмкін. Жалпы Жиналыстың осындай шешімінде тиісті тұлғаның бұдан әрі нақты қай күннен бастап Директорлар Кеңесінің мүшесі болып табылмайтыны көрсетілу керек. Жалпы Жиналыстың шешімінде күні көрсетілмеген кезде, Директорлар Кеңесінің мүшесі тиісті шешім қабылданған күннен бастап жұмыстан босатылған болып есептеледі.

23.4. Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған жағдайда Директорлар Кеңесінің Жалпы Жиналыста таныстырылған жаңа мүшесін сайлау Жарғының 20-бабында қарастырылған тәртіппен кумулятивті дауыс беріп жүзеге асырылады (Жарғының 20.8-тармағында көрсетілген жағдайлар туындамаса), бұл ретте Директорлар Кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесінің барлық құрамы үшін өкілеттігінің әрекет ету мерзімін ұзарту туралы шарт Жалпы Жиналыстың тиісті шешімімен қарастырылмаса, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі бүтіндей Директорлар Кеңесінің өкілеттік ету мерзімі өткен кездегі бір уақытта аяқталады.

23.5. Директорлар Кеңесі заңды болып қалады және мүшелерінің саны 3 (үштен) кем болған сәтке дейін оның Заңмен және (немесе) Жарғымен қарастырылған құзыретіне негізделетін шешімдерді қабылдауға құқығы бар, бұл ретте Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі тәуелсіз болуы тиіс.

23.6. Директорлар Кеңесі бірі тәуелсіз болатын 2 (екі) мүшеден тұратын, ал мүшелерінің саны басқа болатын, бірақ ешқайсысы тәуелсіз директор болмайтын (бірақ кез келген жағдайда Директорлар Кеңесінің қолданыстағы құрамының, кем дегенде, 30 (отыз) пайызы) жағдай туындаған кезде Директорлар Кеңесінің өкілеттігі Жалпы Жиналыс Директорлар Кеңесі Жарғының 20.2-тармағында көрсетілген талаптарға жауап беретін құрамға толатындай Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы шешім қабылдаған сәтке дейін тоқтатылған болып есептеледі.

23.7. Директорлар Кеңесінің 4 (төрт) не одан кем мүшесі мүдделі болған мәмілелер бойынша дауыс беру кезінде, Директорлар Кеңесінің құрамы азайған жағдайда Жарғының 23.5 – 23.6-тармақтарында көрсетілген Директорлар Кеңесі құрамының легитимдігі үшін салдар қолданылмайды. Директорлар Кеңесінің 5 (бес) мүшесінің барлығы мүдделі болған жағдайлар туындаған кезде осындай мәміле жасасу туралы шешім Заңнамада қарастырылған тәртіппен қабылданады.

24-бап. Директорлар Кеңесінің төрағасы

24.1. Директорлар Кеңесінің төрағасын (Жарғы мәтіні бойынша «**ДК төрағасы**») Директорлар Кеңесі мүшелерінің арасынан Директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайлайды. ДК төрағасын сайлау туралы шешім оған тағайындалған Директорлар Кеңесі мүшелерінің 50 (елу) пайызы дауыс берсе, қабылданған болып саналады.

24.2. Заң ережелері мен мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы Жарғы ДК төрағасын сайлау туралы шешімге қатысты болмайды.

24.3. Директорлар Кеңесінің әр мүшесі өзінің кандидатурасын, сол сияқты Директорлар Кеңесінің басқа мүшесінің кандидатурасын да ұсынуға құқылы.

24.4. ДК төрағасын сайлау кезінде Директорлар кеңесінің әр мүшесіне 1 (бір) дауыс берілсе немесе 2 (екі) үміткерге бірдей дауыс саны берілсе, ДК төрағасы Жалпы Жиналыста сайланады.

24.5. Тағайындалған Директорлар Кеңесі мүшелерінің, кем дегенде, 50 (елу) пайызы дауыс берсе, Директорлар Кеңесі кез келген уақытта ДК төрағасын (соның ішінде Жалпы Жиналыспен сайланған) қайта сайлауға құқылы.

24.6. ДК төрағасы:

1) Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібін құрады;

2) күн тәртібінің мәселелерін еркін талқылау үшін жағдай жасай отырып, Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

3) Директорлар Кеңесінің отырыстарын шақырады, оларда өкілдік етеді, сондай-ақ сырттай дауыс беру туралы шешім қабылдайды және Директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беруін ұйымдастырады;

4) отырыстарда хаттама жүргіздеі және оларға қол қояды;

5) Қоғам акционерлерін Басқарма мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы жыл сайын ақпараттандырады;

6) Директорлар Кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша барынша тиімді шешім құруды ұйымдастырады.;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты әрі айқын ақпаратты уақытылы алуын ұйымдастыруға жауап береді. Сонымен бірге, Басқарма осындай ақпаратты беруге, ал

Директорлар Кеңесінің мүшелері, қажет болған жағдайларда, түсініктеме немесе хабарлама ұсынуды талап ете алады;

8) Директорлар Кеңесінің комитеттерін құру, Директорлар Кеңесінің мүшелерін комитет құрамына ұсыну бойынша жұмысты ұйымдастырады;

9) Қоғамның басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларымен тұрақты байланыс орнатады;

10) Директорлар Кеңесінің Жалпы Жиналыспен өзара әрекеттесу кезіндегі көзқарасын білдіреді, сондай-ақ ірі акционердің көзқарасын Директорлар Кеңесіне жеткізеді;

11) Қоғам дамыту стратегиясын талқылауды ұйымдастырады;

12) Заң және Жарғымен белгіленген басқа да функцияларды атқарады.

13) Директорлар Кеңесінің және Басқарманың Жалпы Жиналыс шешімдерін орындауын бақылайды;

14) Қоғамының атынан Басқарма төрағасымен, ішкі аудит қызметінің (құрылған жағдайда) мүшелерімен еңбек шартына отырады.

24.7. ДК төрағасы болмаған жағдайда Директорлар Кеңесінің отырысқа қатысатын мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын шешім бойынша оның функцияларын Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

25-бап. Директорлар Кеңесінің хатшысы

25.1. Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің хатшысын (бұдан әрі «**Хатшы**»), Директорлар Кеңесінің немесе Басқарманың мүшелері болып табылмайтын Қоғам қызметкерлерінің арасынан 2 (екі) жылдық мерзімге, бірақ тағайындалған Директорлар Кеңесі құрамының өкілеттік ету мерзімінен аспайтын мерзімге сайлайды.

25.2. Директорлар Кеңесінің мүшелері хатшыны Директорлар Кеңесі мүшелерінің отырысына оның ұсынымдарын ескере отырып қатысатын Директорлар Кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен сайлайды.

25.3. Хатшы Директорлар Кеңесінің алдында есеп береді, сондай-ақ өзінің қызметі аясында Директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді үйлестіреді және бақылайды, Жалпы Жиналыстың қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдардың және Директорлар Кеңесінің отырысына материалдарды уақытылы құрылуын қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайды.

25.4. Директорлар Кеңесі кез келген отырыста жаңа хатшыны тағайындауға құқылы, соның ішінде Директорлар Кеңесінің нақты отырысын өткізу уақытында оындай шешімге Директорлар кеңесінің отырысына қатысатын мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен дауыс беріп.

25.5. Директорлар Кеңесінің хатшысы міндетті:

1) өз қызметінде Заңнама нормалары мен талаптарын қатаң сақтауға;

2) мәселелерді шешуде акционерлер мен Қоғам мүдделері сақталуының анық-қанықтығына сүйенуге;

3) ДК төрағасының тапсырмаларын орындауға;

4) Директорлар Кеңесінің алдында өз қызметі туралы жүйелі түрде есеп беруге;

5) Директорлар Кеңесін қолданыстағы заңнама нормаларын, акционер құқықтарын бұзу, сондай-ақ мүдделер қақтығысының пайда болу қатерін тудыратын жағдайлардың туындауы туралы хабардар етуге.

6) Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын жүргізуге және құруға;

7) Директорлар Кеңесінің барлық шешімдері, соның ішінде сауалнама (сырттай дауыс беру) арқылы қабылданатын шешімдер бойынша дауыс беру қорытындысын шығаруға ;

8) Директорлар Кеңесінің кіріс құжаттамасын және шығыс құжаттамасының көшірмелерін есепке алып, сақтауға;

9) Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесі отырыстарының өткізілуі туралы алдын ала хабарлауға;

10) Директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы үшін дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Директорлар Кеңесінің мүшелеріне таратуға;

11) Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамаларын сақтауға;

12) Директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерін сақтауға; және

13) Директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдерді қабылдау үшін Директорлар Кеңесі мүшелерінің Директорлар Кеңесіне жолдаған дауыс беруге арналған бюллетеньдерін сақтауға.

25.6. Директорлар Кеңесінің хатшысы мынадай функцияларды атқарады:

1) отырысты өткізу түрі бойынша ұсыныс жасап, Директорлар Кеңесі отырыстарының күн тәртібі жобаларын дайындау және оларды ДК төрағасына беру;

2) Директорлар Кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдардың тиісті түрде дайындалуын қамтамасыз ету, соның ішінде материалдарды дайындау рәсімдерін сақтау, Директорлар Кеңесінің және/немесе оның комитеттерінің мүшелерімен, Ішкі аудит қызметімен (құрылған жағдайда), Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен жетекшілерімен алдын ала талқылауды ұйымдастыру;

3) Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесі отырысының өткізілуі туралы және отырыстың күн тәртібін барлық қажетті материалдарды қоса беріп хабарлама жолдау, сондай-ақ отырысқа шақырылған тұлғаларға хабарлау;

4) Директорлар Кеңесінің сырттай шешімдерін Директорлар Кеңесінің мүшелеріне осы шешім негізделіп қабылданған дауыс беру бюллетеньдерін қоса беріп, ресімделген күнінен бастап 5 (бес) күн ішінде сырттай шешім жолдау, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің талабы бойынша – оларға Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары мен танысу үшін сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді және (немесе) Директорлар Кеңесінің мүшесіне хаттамалардан көшірмелер мен Хатшының қолымен және Қоғам мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған шешімдерді беру;

5) отырысты өткізу рәсімінің тиісті түрде сақталуын және Директорлар Кеңесінің шешім қабылдауын қамтамасыз ету, отырыстарды дайындау, өткізуге және Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға қатысты Заңнама талаптары мен Қоғамның ішкі құжаттарына түсініктеме беру;

6) Директорлар Кеңесінің шешімдерін тиісті органдар мен Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге, бақылауға және Директорлар Кеңесін орындау нәтижесі (барысы) туралы Директорлар Кеңесімен белгіленген тәртіппен ақпараттандыруға жауапты Қоғамның лауазымдық тұлғаларына жолдау;

7) Директорлар Кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньдерді дайындау, бюллетеньдерді тарату мен жинауды жүзеге асыру, Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру қорытындысын шығару;

8) Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты, сондай-ақ сұрау салатын құжаттарды және ақпаратты беру (ақпарат беруді қамтамасыз ету);

9) ДК төрағасын және Директорлар Кеңесінің мүшелерін Хатшының өз міндеттерін атқаруға кедергі болатын барлық факторлар туралы ақпараттандыру;

10) Заңнамамен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға берілуі қажет Директорлар Кеңесінің мүшелеріне қатысты ақпаратты жинау және есепке алу;

11) Директорлар Кеңесінің, оның комитеттерінің атына келіп түскен хат-хабарлардың барлығын есепке алу және сақтау, келіп түсетін сұратуларға жауаптың дайындалуын қамтамасыз етуге қатысу.

25.7. Хатшыға сыйақы белгіленіуі мүмкін. Хатшыға берілетін сыйақы мөлшері Директорлар Кеңесімен белгіленеді және бекітіледі.

26-бап. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру

26.1. Директорлар Кеңесінің отырысы орындылық, тиімділік принциптеріне байланысты өткізіледі. Директорлар Кеңесінің отырысы күндізгі, сырттай және аралас (Директорлар Кеңесі мүшелерінің бір бөлігі отырыста мүлдем болмаса, бірақ сырттай дауыс беру арқылы оған қатысқанда күндізгі-сырттай) болады.

26.2. Директорлар Кеңесінің отырысы ДК Төрағасының өз бастамасы бойынша не Басқарма бастамасы бойынша, не болмаса төмендегілердің кез-келгенінің талабымен шақырылады:

1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі;
2) ішкі аудит қызметі (оны шақыру жағдайында);
3) Қоғамның аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымы;
4) ірі акционер.

26.3. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап:

1) Шақыру бастамасышы туралы мәліметтер, олармен байланысу контактілерінен;
2) Директорлар Кеңесінің отырысын өткізудің ұсынылатын күні мен уақытынан;
3) Директорлар Кеңесінің отырысын өткізудің ұсынылатын нысанынан (күндізгі/сырттай);
4) Директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен;
5) Директорлар Кеңесінің қарауына шығарылатын күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша қысқаша түсініктен тұруы тиіс.

26.4. Директорлар Кеңесінің отырысын шақырудың бастамашысының талабы ДК Төрағасына мынадай жолмен бастамашы қолымен жазбаша түрде енгізіледі:

1) факсимильді байланыс бойынша немесе электронды хабарлама көмегімен ДК Төрағасына бағыттау (осы тармақта көрсетілген тәсілдердің кез келген түпнұсқасымен беру арқылы);
2) пошталық жіберу; немесе
3) ДК Төрағасына қол қойып тікелей қолына беру.

26.5. Егер талап факсимильді байланыс бойынша бағытталса, мұндай талаптың түсетін күні ДК Төрағасымен алынған кіріс факсимильді хабарламада көрсетілген күн болып табылады.

26.6. Егер талап пошталық жіберумен бағытталса, мұндай талаптың түсу күні Қоғамның пошталық жіберумен алу күнін растайтын пошта мөркалыбының баспа-таңбасында көрсетілген күн болып табылады.

26.7. Егер талап тапсырыс хатымен немесе өзге тіркелетін пошталық жіберумен бағытталса, мұндай талаптың түсу күні адресатқа қолхатпен пошталық жіберілімді тапсыру күні болып табылады.

26.8. ДК Төрағасы мынадай жағдайларды қоспағанда, Директорлар Кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқылы:

1) отырысты шақыру туралы талап осы Жарғыға сәйкес келмесе не қарау үшін ұсынылатын мәселелер Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатпаса;
2) талап қойған тұлғалар Жарғының 28.2-тармағында көрсетілген тұлғалардың тізіміне кірмесе;

26.9. ДК Төрағасы түскен талапты қарауға және қабылданған шешім туралы Хатшыны хабарландыруға міндетті. Хатшы талап түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (оның ішінде факсимильді байланыс немесе электронды хабарлама арқылы), бірақ кез келген жағдайда отырысты өткізу күніне дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей (егер мұндай 10 (он) күндік мерзімнің аяқталуына дейін отырысты өткізу туралы шешім қабылданса) қабылданған шешім туралы хабарландыруды не Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны отырысты шақырудың бастамашысына хабарлауға міндетті.

26.10. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талаптар ДК Төрағасын қанағаттандырған жағдайда ДК Төрағасы өз қарауымен және Директорлар Кеңесі мүшелерінің қажеттіліктеріне байланысты отырысты өткізу нысанын (сырттай/күндізгі/аралас) анықтауға құқылы.

26.11. ДК Төрағасы Директорлар Кеңесін шақырудан бас тартқан жағдайда отырыс бастамашысы отырысты шақыру туралы талаптармен Басқармаға жүгінуге құқылы. Бұл ретте, шақыру туралы талаптың түсу күні Қоғамдағы хат-хабарларды тіркеуге жауапты тұлғаның құрылымдық бөлімшеге бастамашының жазбаша өтінішін тіркеу күні болып табылады.

26.12. Отырыс ДК Төрағасымен анықталған күні, бірақ Жарғының 26.2-тармағында көрсетілген тұлғалармен Қоғам Басқармасына немесе ДКТөрағасына шақыру туралы талап түскен күннен 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей шақырылуы тиіс.

26.13. Отырыстың күн тәртібін, отырысты шақырудың бастамашысын (егер шақырудың бастамашысы ДК Төрағасы болып табылмаса) көрсетіп және шешім қабылдау үшін қажетті материал қосымшасымен Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу күні, орны, уақыты мен түрі туралы жазбаша хабарландыру Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесіне факсимильді немесе электронды байланыс арқылы мәселенің шұғылдылығына байланысты ДК Төрағасымен таныстыру үшін мерзімді қысқарту туралы жеке шешім қабылданбаған жағдайларды қоспағанда, отырысты өткізу күнінен 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей Хатшыға бағытталады;

26.14. Директорлар Кеңесінің отырысына арналған материалдар Жарғымен сәйкес не отырысты шақыру туралы ДК Төрағасының шешімімен сәйкес анықталған Директорлар Кеңесінің мүшелерін таныстыру үшін басталғаннан кейін не барлық мерзім ішінде бағыттала алмайды (егер Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінен қосымша ақпарат беру туралы сәйкес талаптар түспесе ғана, көбінесе мұндай жағдайда тиісті қосымша ақпарат Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне Хатшымен беріледі).

27-бап. Директорлар Кеңесінің отырысына арналған материалдар.

27.1. Директорлар Кеңесінің отырысына арналған материалдар Директорлар Кеңесінің негізделген шешімдерін қабылдау үшін қажетті күн тәртібіндегі мәселелер бойынша барлық ақпараттан, оның ішінде Қоғам үшін оның экономикалық (қаржылық) маңыздылығын, сондай-ақ шешімдер қабылдау немесе қабылдамау жағдайында мүмкін пайданы (шығынды) ашу қажеттілігі жағдайында әрбір мәселені қысқа суреттеуден тұруы тиіс.

27.2. Егер Директорлар Кеңесінің мүшесіне Директорлар Кеңесінің қарауында шығарылатын мәселелерді қарау барысында шешімдер қабылдау үшін қосымша ақпарат немесе материалдар қажет болса, Хатшы мүдделі құрылымдық бөлімшелер және Басқарма тарапынан оларды ұсыну бойынша шаралар қабылдайды.

27.3. Директорлар Кеңесінің отырысына материалдарды мынадай талаптарды сақтай отырып, Басқармамен өзара әрекеттесе отырып, Хатшы дайындайды:

1) Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысында қаралатын материалдар құрамына «әр түрлі», «өзгелері», «басқалары» және олардың ұқсас тұжырымдамаларын қоса алғанда, кең түсінікпен оған тұжырымдаларды қоспай, мәселелердің толық тізімінен тұратын Директорлар Кеңесінің жоспарлы отырысының күн тәртібі енгізілуі тиіс;

2) күн тәртібінің әрбір мәселесіне Директорлар Кеңесінің шешімдерінің жобалары және түсінік хаттар, шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар саны, сондай-ақ Директорлар Кеңесіне сәйкес шешімдерді, оның ішінде қажет болғанда Қоғамның сәйкес органдарының шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін басқа мәліметтер және материалдар (көрсетілімдер, үлгілер, экономикалық негіздемелер және басқалары) енгізілуі тиіс;

3) ірі мәмілелер және (немесе) жасалуында мүдделілік болатын мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау туралы мәселені қарау жағдайында мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен жағдайлары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемдері, бағалаушының есебі (Заңның 69-бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайларда) туралы мәліметтерден тұрады;

4) сырттай не аралас отырыстарды өткізу жағдайында, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің сырттай отырысына арналған бюллетень қоса беріледі;

5) егер Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібіне Басқарма мүшелерін таңдау туралы мәселе енгізілсе, аталған мәселе бойынша материалдарда сәйкес лауазымға үміткердің жазбаша келісімі, оның түйіндемесі және соттылығының болмауы туралы анықтама беріледі.

27.5. Хатшы Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша негізделген шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін көлемде ақпаратты Директорлар Кеңесінің мүшелеріне ұсынғаны үшін жауапты болады.

28-бап. Директорлар Кеңесінің отырысы

28.1. Әдетте Директорлар Кеңесінің барлық отырыстары күндізгі нысанда өткізіледі, алайда ДК Төрағасының шешімі бойынша отырыс сырттай Директорлар Кеңесінің құзыретіне кіретін кез келген мәселе бойынша шақырылады;

28.2. Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің отырысқа қатысуы мүмкін болмаған жағдайда Директорлар Кеңесінің нақты болмаған мүшелерінің отырысы аралас түрде өткізілуі мүмкін. Бұл ретте болмаған Директорлар Кеңесінің мүшесі техникалық құралдарды пайдаланып қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және сырттай дауыс беруге арналған бюллетень нысанын толтыру жолымен жазбаша түрде өз пікірін ұсынуы тиіс.

28.3. Директорлар Кеңесінің мүшесі Басқарманы не Хатшыны Директорлар Кеңесінің отырысына оның қатысу мүмкіндігінің болмауы туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

28.4. Аралас нысандағы отырысты өткізу туралы шешім кез келген сәтте, оның ішінде отырыс өткізу кезеңінде ДК Төрағасымен не отырысқа қатысқан Директорлар Кеңесінің мүшелерінің көпшілігімен қабылданады, мұнда отырыс нысаны бойынша дауыс беру жағдайында ДК Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

28.5. Директорлар Кеңесі отырысының кез келген түрі шақыру туралы талап қойған тұлғаларды міндетті түрде шақырып өткізіледі.

28.6. Отырыс сырттай өткізілгенде дауыс беру - нысанын Хатшы оған мынадай мәліметтерді міндетті түрде енгізіп әзірлейтін сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдермен жүзеге асырылады:

1) Жарғыға сәйкес Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
2) Жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
3) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Хатшыға ұсынудың соңғы күні;
4) Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу күні мен формасы;
5) Директорлар Кеңесінің отырысының күн тәртібі;
6) Егер Директорлар Кеңесінің күн тәртібінде Басқарма мүшелерін таңдау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің аттары;
7) Директорлар Кеңесімен шешім қабылдау үшін шығарылатын және дауыс беру жасалатын мәселелерді жиынтықтау;
8) «жақтап» дауыс бергені, «қарсы», «қалыс қалғаны» сөздерімен белгіленген Директорлар Кеңесінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары;
9) Күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) тәртібін түсіндіру;
10) Директорлар Кеңесінің мүшесінің ерекше пікірін баяндау орны.

28.7. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады. Дауыстарды санау кезінде Директорлар Кеңесінің мүшелерімен бюллетеньде анықталған дауыс беру тәрібі сақталатын және дауыс берудің мүмкін нұсқаларынан бірі ғана белгіленетін мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

28.8. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер Директорлар Кеңесінің мүшесімен қол қойылуы және сырттай/аралас отырыс өткізу күнінен 10 (он) күнтізбелік кешіктірмей мерзімінде Қоғамға жеткізілуі тиіс. Сырттай/аралас дауыс беруде кворумды анықтау үшін Жарғының 28.6 – 28.7 тармағында қарастырылған және электронды пошта бойынша Директорлар Кеңесін өткізу күнінде Директорлар Кеңесінің мүшелерімен бағытталған нысан бойынша жасалған бюллетеннің түрлі түсті сканерленген көшірмелері ескеріледі.

28.9. Егер Жарғының 28.6 – 28.7-тармақта қарастырылған мерзімде және тәртіппен сырттай дауыс беруге арналған бюллеттеннің түпнұсқасының түсу нәтижесі бойынша шешімнің сканерленген көшірмесінде және түпнұсқасында баяндалған Директорлар Кеңесінің мүшесінің шешімдерінде ауытқулар Хатшымен анықталса, онда Директорлар Кеңесінің мүшесінің даусы мұндай мәселе бойынша ескерілмейді.

28.10. Егер Жарғының 28.9-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталуы нәтижесінде күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешім қабылдау үшін кворум болмағаны анықталса, онда мұндай шешім қабылданбаған болып саналады.

28.11. Сырттай дауыс беру үшін түскен бюллетеньдерге (оның ішінде олардың сканерленген түсті көшірмелеріне) сәйкес дауысты санағаннан кейін ДК Хатшысымен және Төрағасымен қол қойғаннан кейін Хатшымен Сырттай шешім ресімделеді, бірақ кез келген жағдайда отырысты өткізу күнінен 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей негізінде аталған шешім қабылданған бюллеттеньдердің көшірмелерінің қосымшасымен тапсырыс хатпен пошта бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелеріне бағытталады.

28.12. Күндізгі отырыста қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдері барлық мәселелерді талқылау тиісті түрде белгіленетін Директорлар Кеңесінің отырысында хаттамамен ресімделеді.

28.13. Күндізгі отырыс хаттамасына отырысты өткізу күнінен 3 (үш) жұмыс күні ішінде ДК Төрағасымен және Хатшысымен, сондай-ақ сырттай тәсілмен отырысқа қатысқан Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерімен (сырттай тәсілмен отырысқа қатысқан Директорлар Кеңесінің мүшелеріне қатысты Жарғының 28.6-тармағына сәйкес жасалған дауыс беру бюллеттеньдерінің көшірмелері қоса беріледі) қол қойылады.

28.14. Директорлар Кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда, Директорлар Кеңесінің мүшесі сырттай отырыс хаттамасына қол қойған күннен кешіктірмей, мерзімінде ерекше пікір ретінде отырыс хатамасында өзінің келіспеушілігін белгілеуді талап етуге құқылы не егер Директорлар Кеңесінің мүшесі сырттай тәсілмен отырысқа қатысса, дауыс беру бюллеттеніне сәйкес ерекше пікірін баяндауға құқылы.

28.15. Директорлар Кеңесінің отырыс хаттамалары (күндізгі /аралас) мынадай ақпараттардан тұруы тиіс:

1) Жарғымен сәйкес Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан орны;
2) отырысты өткізу күні, уақыты, орны;
3) дауыс беру түрін туралы жазба;
4) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
5) отырыста болмаған, бірақ сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынған Директорлар Кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер;
6) отырыстың күн тәртібі;
7) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз сөйлеудің негізгі тезистері мен пікірталас барысы;
8) дауыс беруде қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
9) қабылданған шешімдер;
10) сырттай дауыс беру арқылы Директорлар Кеңесінің нақты болмаған мүшесінің дауыс беруі туралы жазба;
11) отырысты өткізу туралы жазба;
12) мүдделілігі бар мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі мүшесінің дауыс бермегені туралы жазба;
13) Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

28.16. Хаттаманың дұрыс жасалуына жауапкершілік Хатшыға жүктеледі.

28.17. Директорлар Кеңесінің күндізгі не аралас отырыстарының хаттамалары және Директорлар Кеңесінің сырттай шешімдері, сондай-ақ Директорлар Кеңесі мүшелерінің қолдарымен толтырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер олардың сақталуына кепілдік беруге мүмкіндік беретін тәсілмен Хатшыда сақталады және жыл аяқталғаннан кейін Қоғамның мұрағатына тапсырылады.

28.18. Директорлар Кеңесінің мүшесінің талап етуі бойынша, Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің не үшінші тұлғаның жазбаша сауалына Хатшы таныстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын, сондай-ақ Қоғамның мөрінің баспа-таңбасымен және оның қолымен расталған отырыс хаттамасының (шешімдерінің) көшірмелері және (немесе) үзінділерін ұсынады. Директорлар Кеңесінің отырысының хаттама түпнұсқасынан расталған көшірменің түпнұсқалық күші болады.

28.19. Директорлар Кеңесі тек Директорлар Кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

29-бап. Директорлар Кеңесінің отырысында дауыс беру

29.1. Директорлар Кеңесінің отырысында дауыс беру үшін отырысты ашар алдында Хатшы міндетті түрде Директорлар Кеңесінің таңдаулы мүшелерінің (бірақ, Жарғының 23.6-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталуы кезінде кемінде 2 (екі) мүшенің) кемінде 50 (елу) пайызы Директорлар Кеңесінің отырысында қатысуы тиіс болатын есеппен кворумды түсіндіреді (сондай-ақ сырттай нысанға қатысқан Директорлар Кеңесінің мүшелері есептелінеді).

29.2. Егер Директорлар Кеңесінде тұрған Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар Кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін таңдау үшін кезектен тыс Жалпы Жиналысты шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің калған мүшелері мұндай кезектен тыс Жалпы Жиналысты шақыру туралы шешімді ғана қабылдауға құқылы.

29.3. Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің тұракты құрамына кіретін Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері күн тәртібіне қосымша бір дауыстан дауыс берген жағдайда отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

29.4. Директорлар Кеңесінің отырысында дауыс беру кезінде Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар Кеңесінде дауыс беру (құпия дауыс беру туралы шешім қабылданатын жағдайларды қоспағанда) қолды қарапайым көтеру жолымен не дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша келісу, келіспеу не қалыс қалу туралы жеке-дара өтініш көмегімен өткізіледі. Сырттай не аралас нысанда өткізілетін жиналыс құпия дауыс беруді қарастырмайды.

29.5. Оның құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің шешімдері егер Директорлар Кеңесінің құзыретіне кіретін жеке мәселелер бойынша дауыстар санына қатысты өзге талаптар Заңмен белгіленбесе, сырттай дауыс беруге қатысатын немесе отырысқа қатысатын Директорлар Кеңесінің мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады.

29.6. Дауыстар тең болғанда ДК Төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның даусы шешуші болып табылады (кворумға жету үшін Директорлар Кеңесінің кемінде 2 (екі) мүшесінің болуы жеткілікті болғанда Жарғының 23.6-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталу жағдайларын қоспағанда).

29.7. Директорлар Кеңесінің бір мүшесінің Директорлар Кеңесінің екінші мүшесіне дауыс беруіне, сондай-ақ кез келген өзге тұлғаның дауыс құқығын беруге, оның ішінде сенімхатпен беруге тыйым салынады.

29.8. Қоғам жасасуға мүдделі болатын мәмілелерді жасау туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар Кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады. Егер тәуелсіз директорлардан басқа, Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері мұндай мәмілелер жасауға мүдделілік танытса, атап айтқанда, кворумды анықтау үшін отырысқа (оның ішінде сырттай) қатысатын Директорлар Кеңесінің мүдделі мүшелері ескеріледі.

29.9. Қоғам жасасуға мүдделі болатын мәмілелерді жасау туралы мәселе бойынша дауыс беруге қатысатын Директорлар Кеңесінің мүшелерінің даусы тең болған жағдайда мұндай мәміле туралы шешім Жалпы Жиналыспен қабылданады.

30-бап. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыреті

30.1. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелерді шешу кіреді:

1) жылдық және кезектен тыс Жалпы Жиналыстарды шақыру туралы шешімдер қабылдау;

2) тарату (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны, оларды сатып алу (өткізу) тәсілі мен бағасы шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны туралы шешімдер қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа құнды қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және Қоғамның жылдық операциялық бюджетін алдын ала бекіту;

5) Директорлар Кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

6) қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) атқарушы органдардың сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) таңдау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) жылдық операциялық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде лауазымдық қызметақы өлшемі мен еңбекақыны төлеу шарттарын анықтау және атқарушы органның басшысы мен мүшелеріне (атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаларға) сыйақы беру;

9) Қоғамның ақшаны өтеусіз беруді қарастыратын, мұндай беру сомасы 1 000 (бір мың) АҚШ долларынан аспайтын жағдайларды не болмаса мақұлданған кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі курсы бойынша теңгемен кез келген мәмілелерді мақұлдау;

10) штат кестесін және Қоғамның жылдық операциялық бюджет аясында Қоғам қызметкерлеріне шекті лауазымдық қызметақысын және марапаттау төлемдерін (бонустарын) бекіту;

11) ішкі аудиттің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, сондай-ақ Қоғамның жылдық операциялық бюджеті шеңберінде ішкі аудит қызмет қызметкерлерінің еңбек төлемінің және сыйақының мөлшері мен шарттарын анықтау;

12) Хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін, сондай-ақ Қоғамның жылдық операциялық бюджеті шеңберінде, оның лауазымдық қызметақысының мөлшері мен марапаттау шарттарын (марапаттау төлемі туралы шешім қабылдау жағдайында) анықтау;

13) Қоғамның жылдық операциялық бюджеті шеңберінде қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметінің, сондай-ақ ірі мәміленің мәні болып табылатын не төлемге берілген Қоғамның акциялардың, мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметақысының мөлшерін анықтау;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органмен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның құнды қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарды бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелер бекіту;

16) Қоғамға тиесілі барлық активтердің кемінде 25 (жиырма бес) пайызын құрайтын сомада Қоғамның жылдық операциялық бюджетімен қарастырылатын мәмілелерді жүзеге асыру арқылы Қоғам активтерінің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне не өзге заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуына Қоғамның қатысуы туралы шешімдер қабылдау;

17) акцияларының 10 (он) және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) қоғамның аффилиирленбеген үшінші тұлға алдындағы міндеттіліктерін оның активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын шамада міндеттемелерін арттыру;

19) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиядан тұратын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

20) Директорлар Кеңесінің алдын-ала шешімдерінен жасалуында мүдделілік болатын мәмілелерді және Қоғамның жылдық операциялық бюджетімен қарастырылған ірі мәмілелерді жасалуына шешім қабылдау, тараптардың бірі ірі акционер «ЖКБК» АҚ болған келісімдерден басқа; Басқарма Төрағасы Қоғамның жылдық операциялық бюджетімен қарастырылған ірі келісімдерді және Директорлар Кеңесінің алдын ала шешімінсіз ірі акционер«ЖКБК» АҚ Тараптың бірі болып табылатын, Қоғам жасалуына мүдделі келісімдерді жасау туралы шешім қабылдау.

21) 10 000 000 АҚШ доллары құнынан асатын (шешім шыққан мерзімдегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің курсы бойынша теңгемен), бірақ құны 10 000 000 АҚШ долларынан аспайтын және Қоғамның жылдық операциялық бюджетімен қарастырылмаған өзара байланысты мәмілелерді Қоғаммен жасасу туралы шешім

қабылдау, Тараптардың бірі Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын келісімдерді қоспағанда;

22) Жалпы Жиналыстың және Басқарманың құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.

30.2. Тізімі Жарғының 20.1-тармағында белгіленген мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді.

30.3. Директорлар Кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалпы Жиналыстың шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы.

31- бап. Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері

31.1. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалпы Жиналыспен анықталады.

31.2. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар Кеңесін сайлау өтетін Жалпы Жиналысты өткізу сәтінде аяқталады.

31.3. Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен салдары Жарғының 23-бабында реттемеленген.

32- бап. Директорлар Кеңесінің комитеттері

32.1. Директорлар Кеңесінің ұсыныстарын дайындау және ең маңызды мәселелерді қарау үшін Қоғамда жоспарлау бойынша Директорлар Кеңесінің Комитеті (бұдан әрі «**Комитет»)** құрыла алады.

32.2. Комитетті жүргізуге мынадай мәселелерді шешу жатады:

1) стратегиялық жоспарлау (Жалпы Жиналыстың ұсыныстарын дайындау);

2) кадрлар мен марапаттаулар (жылдық операциялық бюджетті қалыптастыру бойынша Жалпы Жиналыстың ұсыныстарын дайындау);

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

32.3. Комитет Директорлар Кеңесінің мүшелерінен және қажетті кәсіби білімдерге ие сарапшылардан тұрады. Тартылатын сарапшыларға қойылатын талап Директорлар Кеңесімен анықталады.

32.4. Директорлар Кеңесінің Комитетін тәуелсіз Директорлар Кеңесінің мүшесі басқарады.

32.5. Комитетті қалыптастыру және жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның мүшелерінің сандық құрамы Қоғамның Директорлар Кеңесімен бекітілетін ішкі құжаттарымен анықталады.

VIII. ТАРАУ ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

33- бап. Жалпы ережелер

33.1. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Жалпы Жиналысқа және Директорлар Кеңесіне есеп беріп, Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесінде әрекет етеді.

33.2. Басқарма өзінің қызметін Заңмен, Жарғымен, Жалпы Жиналыстың және Директорлар Кеңесінің шешімдерімен, сондай-ақ Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен жүзеге асырады.

33.3. Қоғам Жалпы Жиналыстың және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

33.4. Қоғам Заңмен, Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның лауазымдық тұлғалары мен басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселесі бойынша, оның ішінде Заңмен және Жарғымен оның құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

33.5. Оның құзыреттері шегінде қабылданған Басқарма шешімдері егер өзгелері олардың құзыреті шегінде Жалпы Жиналыс пен Директорлар Кеңесінің шешімдерімен анықталмаса, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен, комитеттерімен, комиссияларымен, қызметкерлерімен орындау үшін міндетті сипат алады.

33.6. Басқарма Жалпы Жиналыс пен Директорлар Кеңесінің алдында талап ету бойынша Басқарма құзіретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғам қызметі туралы есеп беруге міндетті болатын өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

33.7. Басқарма Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға бастамашы болуға құқылы.

33.8.Басқарма Мүшелері тек жеке тұлғалар болады.

34- бап. Басқарманы сайлау

34.1.Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Заңмен және Жарғымен сәйкес Директорлар Кеңесінің шешімдерімен ресімделеді. Басқарма мүшелері шектеусіз көлемде қайта сайланады.

34.2.Басқарма Директорлар Кеңесінің шешімімен анықталатын тақ құрамды, бірақ кемінде 3 (үш) мүшеден сайланады және Қоғамның Басқарма Төрағсы болып табылатын Бас директор (ары қарай-**Басқарма Төрағасы**) басқарады. Басқарма Төрағасының лауазымына үміткерді ДК Төрағасы ұсынады.

34.3.Басқарма 5 (бес) жылдық мерзімге не Директорлар Кеңесінің Басқарманы сайлау туралы шешімінде көрсетілген өзге мерзімге Директорлар Кеңесімен сайланады.

34.4.Басқарма Мүшелері Директорлар Кеңесінің оларды сайлау және олармен жасасқан еңбек шарттары туралы шешімдері негізінде өзінің қызметін жүзеге асыратын Қоғам қызметкерлері болып табылады.

34.5.Басқарма мүшелерімен жасасқан еңбек шарттарына Басқарма Төрағасы қол қояды, ал Басқарма Төрағасымен жасасқан шартқа Төраға қол қояды. Басқарманың барлық мүшелерімен жасасқан еңбек шарттары оларды сайлау туралы Директорлар Кеңесінің шешімдерінде көрсетілген өкілеттіктерінің әрекет ету мерзіміне жасалады.

34.6.Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының еңбек Заңнамасымен қарастырылған тәртіппен олардың барлық немесе бір Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін кез келген сәтте мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

34.7.Басқарманың кез келген мүшесі Қазақстан Республикасының еңбек заңымен қарастырылған тәртіппен Басқарма Төрағасына Басқарма мүшелерінің қызметін жүзеге асырудан бас тарту туралы өтініш беруге құқылы, Төраға атына ұқсас өтінішті Басқарма Төрағасы беруге құқылы.

34.8.Басқарма Төрағасының Басқарма мүшесі ретінде қызметті жүзеге асырудан және Басқарманы басқарудан және Қоғамның бірінші басшысының қызметін орындаудан бас тарту жағдайында Директорлар Кеңесінің шешімімен сәйкес Басқарма мүшелерінің бірімен жүзеге асырылады.

34.9.Басқарма мұндай кезең 3 (үш) айдан аспайтын жағдайда және тек Басқарманың жұмыс істейтін құрамы Директорлар Кеңесінің шешімімен сәйкес сайланған Басқарма құрамынан 50 (елу) пайыздан артық құраған жағдайда Басқарманың жаңа құрамын сайлағанға дейінгі кезеңде толық емес құрамда әрекет етуге құқылы.

34.10. Егер Директорлар Кеңесімен сайланған Басқарма мүшелерінің 50 (елу) пайыздан астамының өкілеттіктері тоқтатылса, онда Басқарма Директорлар Кеңесімен оның жаңа құрамы сайлағанға дейін өзінің жұмыс істеуін тоқтатады.

35- бап. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

35.1.Басқарма мүшелерінің:

1) Қоғам қызметі туралы ақпаратты толық көлемде алуға, өзінің құзыреті шегінде Қоғамның ағымдағы қызметінің мәселелерін шешуге, ұсынымды талап етуге және Қоғам қызметіне қатысты ақпаратты толық көлемде алуға, Қоғамның құрылтай, нормативтік, есеп, шарт және өзге құжаттарымен танысуға;

2) Басқарма отырысын шақыруда бастамашылық етуге, анықтамалар ұсынуға, өтініштер жасауға. Басқарма отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге;

3) Қазақстан Республикасының еңбек Заңнамасына, Директорлар Кеңесінің жылдық операциялық бюджеті мен шешімдеріне сәйкес еңбек шартында көрсетілген еңбекақы мен сыйақы төлеуге;

4) Басқарма шешімдерімен өзінің келіспеушілігін жазбаша түрде көрсетуге және оны Директорлар Кеңесінің назарына жеткізуге;

5) Басқарма мүшесімен жетекшілік етілетін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне қатысты жұмысқа қабылдау, ауыстыру, жұмыстан шығару, марапаттау, тәртіптік ықпал ету шараларын көрсету бойынша Басқарма Төрағасына ұсыныстар енгізуге құқығы болады.

35.2.Басқарма мүшелері:

1) Қоғам мүддесінде әрекет етуге, өз міндеттерін адал және дұрыс орындауға, шешім қабылдаған кезде Қоғам мен оның акционерлері үшін тәуекелдер мен қолайсыз салдарларды бағалауға;

2) заң талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылауға, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияларды жарияламауға;

3) уақытша еңбекке жарамсыздықпен, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатумен, демалыста, қызметтік іссапарда немесе Басқарма Төрағасының келісуі бойынша өзге дәлелді себептер бойынша болмау жағдайларын қоспағанда, Басқарманың отырыстарына (сырттай дауыс берулерге) қатысуға;

4) шешімдер қабылдауда жеке қызығушылығы болатын мәселелер бойынша дауыс беруге қатыспауға;

5) Қоғам өз қызметінде заңсыз әрекеттерге, төлемдерге немесе жұмыс әдістеріне жол бермеу үшін шараларды қабылдауға және тез арада Басқармаға және Директорлар Кеңесіне жазбаша түрде мұндай фактілер туралы баяндауға;

6) жеке мүддеде өзінің жағдайын және Қоғамның қызметі туралы алынған ақпаратты қолдануға, сондай-ақ басқа тұлғалармен Қоғамның мүддесіне шығынды болжамдайтын ақпаратты және өзінің жағдайын пайдалануға жол бермеуі тиіс;

7) корпоративтік, іскерлік этика нормаларын, жалпы іс-әрекет нормаларын сақтауға;

8) Қоғам мүлкін қолданбауға немесе оны Жарғымен, Жалпы Жиналыс және Директорлар Кеңесінің шешімдерімен, оның ішінде жеке мақсатта қарама-қайшы қолдануға және өзінің үлестес тұлғалармен мәміле жасасуды шамадан тыс қолданбауға;

9) олармен жетекшілік ететін мәселелер аясында істердің жағдайы туралы Басқарма Төрағасын және Басқарманы ақпараттандыруға, қажет болғанда Басқарма Төрағасының талап етуі бойынша Директорлар Кеңесінің және Жалпы Жиналыс алдында есеп беруге;

10) ішкі, қаржылық және операциялық деректерді, белгіленген Заңнама талаптарын сақтау туралы деректерді қоса алғанда, Басқарма отырысында қарастырылатын мәселе бойынша оларда бар ақпаратты Басқарма мүшелеріне ұсынуға;

11) Жалпы Жиналыстың және Директорлар Кеңесі отырыстарының материалдарын дайындауға тікелей қатысуын қабылдауға;

12) Басқарма Төрағасына және Директорлар Кеңесіне өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді хабарлауға;

13) Директорлар Кеңесінің келісімінсіз басқа ұйымдарда жұмыс істемеуге міндетті.

36- бап. Басқарма Төрағасы

36.1. Басқарма Төрағасының өкілеттіктерін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ олармен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату Заңмен, еңбек заңнамасымен және Жарғымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

36.2. Басқарма Төрағасы Директорлар Кеңесінің шешімімен анықталатын Басқарманы сайлау мерзіміне сайланады. Басқарма Төрағасы жаңа мерзімде, шектеусіз, оның ішінде Басқарманың өзге құрамымен қайта сайлана алады.

36.3. Басқарма Төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның қызметтерін Басқарма Төрағасының бұйрығымен сәйкес Басқарма мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

36.4. Басқарма Төрағасы Қоғам қызметіне қатысты кез келген мәселелерді Басқарманың қарауына жедел шығару, талқыланатын мәселе бойынша өзінің пікірін, ұсыныстарын және ұсынымдарын айту, келісілген шешімдерді іздеуге көмектесу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

36.5. Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының не атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның лауазымын алуға құқығы жоқ.

37-бап. Басқарма құзыреті

37.1. Басқарма мыналарға жауапты Қоғамның атқарушы органы болып табылады:

1) Жалпы Жиналыстың және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастыруға;

2) Директорлар Кеңесінің қарауына жылдық операциялық бюджетінің жобасын, Қоғамның жоспарын және даму стратегиясын қарауға шығару және жобаларын әзірлеуге;

3) Басқарма құзыретіне кіретін барлық мәселелері бойынша Қоғам қызметі туралы есептерді (оның ішінде, даму жоспарын жүзеге асыру туралы есептерді, жылдық операциялық бюджетті, Қоғамның даму стратегияларын, аудиторлық тексеру нәтижелерін), Қоғамның ағымдағы қызметінің есептерін Жалпы Жиналысқа және Директорлар Кеңесіне ұсынуға;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, Қоғамның, оның еншілес ұйымдарының және тәуелсіз қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есептілікті Директорлар Кеңесінің және Жалпы Жиналыс қарауына әзірлеуге және шығаруға;

5) Қоғамның басқару органдарының шешімдерін Қоғам қызметкерлерінің орындамау, жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша міндеттемелерді Қоғамның орындамауы туралы Директорлар Кеңесіне және Жалпы Жиналысқа түсініктер, сондай-ақ Қоғамның дау жоспарының, жылдық операциялық бюджетінің және даму стратегиясының ережелерін ұсынуға;

6) Жалпы Жиналыстың және Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қайшы келмейтін Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті хаттамалар түрінде шешімдер қабылдауға;

7) олардың құзыреттеріне жататын Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеуді ұйымдастырады және Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің бекітуіне енгізуге;

